№10
(7799)

11 наурыз,
Сәрсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.


Өз ойым...

## АНАҒА ҚҰРМЕТ



Биыл еліміз жыл сайын дәстүрлі түрде тойланатын әйелдер мерекесін тыныштықпен қарсы алды. Әйтсе де ауданның атқамінерлері анаға деген құрметті ұмытпады. Аудан басшының өзі мерекеге орай жарқын қабылдау өткізіп ғана қоймады. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов, аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев бастаған топ аудан орталығындағы батыр аналар мен тыл еңбеккерлеріне, ерекше нәзік жандыларға арнайы барып құттықтады. Ашық дидарласып, хал-жағдайларын сұрады. Мерекелік тілектерін білдіре барған топқа аналар алғыстарын жаудырып, ақ баталарын берді.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**

## ЖАРҚЫН ҚАБЫЛДАУ



8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев аналармен жарқын қабылдау өткізді. Қабылдау аясында аналарды шуақты мерекелерімен құттықтап, Майра Тнеева мен Бағдат Мұхановаларға ҚР Президентінің жарлығымен берілген «Күміс алқа» медалін, аудандық жер қатынастары бөлімінің жетекші маманы Анаргүл Бисеноваға Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Құсайын Сәрсенбайдың алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ, аудан әкімінің қабылдауында болған аналарға мерекелік сыйлықтар ұсынды.

## ТАЛАПТЫ ЖАСТАР ТУРНИРДІ ТАРТЫСТЫ ӨТКІЗДІ

**ЖУЫРДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 21 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ПАРТИЯНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ОЙЫЛ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН СТУДЕНТ, ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ГІР КӨТЕРУ ЖӘНЕ ШАҒЫН ФУТБОЛ СЫНДЫ СПОРТТЫҢ ЕКІ ТҮРІ БОЙЫНША ТУРНИР ӨТКІЗДІ.**



Аудан әкімі, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төр-ағасы Асқар Қазыбаев спорттық шараны салтанатты түрде ашып, барлық спортшыларға сәттілік тіледі. Әрі қарай жалғасақ, гір көтеруге оннан астам спортшы қатысты. Бұл сайыс өте тартысты болды. Күшіне сенгендер қалып, гір тасын көтеру тәсілін толық меңгергендер озды. Толықтай тарқатсақ, гір тасын көтеруден Аян Русланұлы ІІІ орыннан көрінсе, Асылан Нұғыманов ІІ орынды еншіледі. Ал, І орынды облыстық додаларда топ жарып жүрген Жігер Аманжолов жеңіп алды. Шағын футболдан 7 команда қатысты. Шағын алаңда шебер ойын көрсеткен «Ойыл қазақ орта мектебі» командасы жеңіс тұғырынан көрінсе, ІІ орынды Ақтөбе қаласынан арнайы келген «Ақтөбе» командасы алды. Ойын басынан жеңіске ұмтылған «Қайрат» командасы үшінші орынды місе тұтты. Аудан біріншілігінің жабылу салта-натында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин жеңімпаздарды марапаттарымен құттықтап, мақтау қағаздарын және естелік сыйлықтарын табыстады.

**P.S. Сондай-ақ, «Ақтөбе» командасы ойыншысы Ислам Сатыбалдин мен «Қайрат» командасының ойыншысы Нұрхан Құлбаев үздік ойыншы атан-са, «Сәт» командасының ойыншысы Қаңтарбай Шарипов үздік қорғаушы атанды. Шыңғыс Шалабаев пен Нүркен Байдуллинге үздік қақпашы номинациялары бойынша марапат-тар тапсырылды.**

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**




## 1 НАУРЫЗ БҮКІЛӘЛЕМДІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ



Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) Бас ассамблеясының бұрыштамасына сәйкес жыл сайын 1 наурыз Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні болып аталып өтіледі.

Бұл күннің тарихы 1931 жылы Женева аймағы қауымдастығы деп аталатын, яғни әлемнің барлық елдерінде жергілікті аймақ қауіпсіздігін құру туралы халықаралық келісімдерге қол қоюмен басталды. Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу әрекетінде мемлекеттің координациясына, оған тұрғындарды дайындауға, мүмкін болатын шұғыл жағдайларға ұлттық төтенше жағдайлар қызметтерін үйлестіруге бағытталған маңызды халықаралық акция болып табылады.

Азаматтық қорғаныстың алғашқы мақсаты бейбіт халықты әскери іс-қимылдар жағдайында қорғау болады. Қазіргі таңда қарапайым азаматтың ұғымында, азаматтық қорғаныс - тек қана әскери уақыттың символы ретінде қабылданады. Өкінішке орай, бейбіт уақытта да техногендік апаттардың, табиғи катаклизмдердің, халықаралық терроризмнің салдары болып табылатын көптеген төтенше жағдайлар орын алады. Азаматтық қорғаныс қызметінің ауыр міндеті - бұл оқиғалардың алдын алу және салдарын жою ғана емес, сондай-ақ осындай жағдайда өзін қалай ұстау керектігі туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Әлемнің 50-ден астам мемлекеті өз елдерінде қауіпсіздік аймағын құру үшін бірігуді ұйғарды, 20 ел оларға бақылаушы ретінде қосылды. Бірлескен күш-жігердің нәтижесі ретінде 1972 жылғы 1 наурызда Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы құрылды, ал ұйымды құру туралы құжатқа қол қою күні Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні ретінде мерекеленді.

Жыл сайын Бүкіл әлемдік азаматтық қорғаныс күні нақты ұранмен аталып өтіледі. Оның биылғы жылғы таңдалған тақырыбы: «Азаматтық қорғаныс және әрбір үйде алғашқы көмек». Өзге жанды құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігу оңай емес. Құтқарушының әрбір жұмыс күні ерлікке пара-пар. Дегенмен, бұл жерде көзсіз батылдықтан гөрі кәсіби біліктілік қажет. Осыған байланысты Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күнінің шеңберінде ағымдағы жылдың 2 наурызынан бастап 25 наурызына дейін аудандық Төтенше жағдайлар бөлімімен №18 Өрт сөндіру бекеті «Ашық есік күндерін», оқу орындарында интерактивті сабақтар, жарыстар, викториналар, дәрістер мен сұхбаттар өткізеді. Сонымен қатар әр айдың екінші сисенбісінде аудан орталығында С-40 сиренасының қосылуымен аудан тұрғындарын құлақтандыру жаттығуы өткізіліп тұрады.

Бұл шаралардың басты мақсаты — азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау, апатқа ұшыраған адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын сақтау. Адам өмірі – басты құндылық екенін естен шығармайық!

**Т.БАҚТЫГЕРЕЕВ,**
**Ойыл ауданының**
**ТЖБ бастығы.**

## АЛИМЕНТ - ҚАРЫЗ ЕМЕС, ПАРЫЗ!



Бақытты отбасы дегенде көпшілігіміздің көз алдымызға қайратты әке, мейірімді ана, жадыраған балалар келеді. Шынында да солай. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Жанұя мүшелерінің сыйластығы, махаббаты, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр.

Кез – келген отбасында, ерлі-зайыптылар арасында түрлі экономикалық, әлеуметтік және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты түрлі мәселелер болады. Сол мәселе салдарынан отбасында ұрыс-керіс, қақтығыс, дау-жанжал болып, оның аяғы отбасының ыдырауына әкеп соғады. Ал, еліміздің Конституциясында неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады және де балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екендігі баяндалған. Бұл ретте алимент яғни бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге (бала үшін) міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат алу үшін заңмен көзделген міндеттермен жауапкершіліктер туындайды. Сондай-ақ баланың кіммен өмір сүретіндігіне байланысты, алимент тек әкесінен ғана емес анасынанда өндіріліп алынатындығын дұрыс түсініп алған жөн. Қандай отбасылық ұрыс-керіс жанжал болсын бауыр етің балаңның еш кінәсі жоқ. Әрбір бала балалық шақтың қызығына бөленуіне әрі бақытты болуға әбден лайық.

Бүгінде Ойыл ауданы бойынша сот орындаушының өндірісінде 56 баланың нәпақасына алимент өндірумен байланысты 40 атқару өндірістері бар. Демек 56 бала өзін күтіп-бағуға арналған қаражатқа зәру. Алайда, тас бауыр аналар мен өз баласынан теріс айналып, тіпті көмек қолын созудан қашатын безбүйрек әкелердің қоғамымызда кездесіп жататыны шындық. Заңды білмеу заң бұзушылықтан босатпайды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабы бойынша Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалады.

Сонымен қоса Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамай жалтарғаны үшін алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

Мұндағы мақсат әр борышкерге өзінің баласы алдындағы қарызы емес парызын түсіндіру және оны өтеудің жолдарымен қатар жұмысқа орналасу мәселелерін шешуге ықпал ету.

Сол себепті ауданымыздағы әрбір борышкерлердің бала күтіміне қажетті қаражатты бұлжытпай өтеуге шақырамыз.

**Ойыл ауданының прокуратурасы**

## КӨРІСУ КҮНІ ТЕК БАТЫСТЫҢ МЕРЕКЕСІ ЕМЕС!



14 Наурыз – Көрісу күні республикалық көрісу күні болып жарияланса жақсы болар еді. Өйткені, ресми жарияланбаса да, жыл сайын еліміздің әр өңірі – батыс-шығыс демей-ақ – Көрісу күнін өткізіп жүр. Жалпы бұл тек еліміздің Батыс өңірінің ғана мерекесі емес екендігін әр жерде естіп жүрміз. Ә.Кекілбайұлы бір сөзінде: Наурыз айында Зайсанда жүргенімде бір әжей келіп көрісті, сосын «Осы көрісу деген баяғыда біздің жақта да бар еді, әке-шешелеріміз көрісетін еді. Қазіргілер мұны ұмытып кетті ғой» деді» - деген еді. Шынында да, бұл басқа өңірлерде ұмытылып қалған, бірақ ежелден біздің ұлттық мерекеміздің бірі екені анық. Бұл – алғыс айту күні, кешірім сұрау, кешірім беру күні, бір-бірімізбен табысу, көрісу күні, бірлікті бекіте түсу күні. Мұның бәрі Көрісу күнінің, яғни, Наурыздың негізгі атрибуттары. Әйтпесе Наурыз деген тек көже пісіріп, концерт қою күні сияқты болып кетті. Басқа елдердің кірме мерекелерін тойлап неғыламыз, өзімізде ежелден келе жатқан мереке ғой бұл. Көрісу күнін республикалық деңгейге шығарып, жаңғыртсақ, Рухани жаңғырудың нағыз бір көрінісі осы болар еді.

**Жақсылық ҚАЙНАЗАР.**

## БІТІМГЕРШІЛІК ТАТУЛЫҚ КЕПІЛІ



Бітімгершілік қазақ халқының қанында бар үрдістердің бірі. Қазақ халқы дау-дамайды келісіммен шешіп отырған халық. Сондықтан, біз отбасында өзімізді, ұл-қызымызды кешірімді болуға үйретуіміз керек. «Сөз қуған пәлеге жолығады, шаруа қуған олжаға жолығады», «Бір дау бір дауды қуады», «Иілген басты қылыш кеспейді» - деген бабалар сөзін ұрпақ санасына құйып өсіру баршамыздың парызымыз. Ынтымақтастықты және қоғамдық бірлікті, тұрақтылықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен медиация, дауларды сотқа дейін реттеу, билер кеңесі туралы бітімгершілікті көздейтін жобалар қабылданды. Осы аталған жобалар аясында көптеген даулы мәселелер оң шешімін тауып, бітімгершілікке келді. Бұл аталған жобалар халық арасындағы кез-келген даулардың шешілу барысында бір-біріне деген ашу араздығын азайтып, ортақ келісімге келтіріп, бітімгершілік орнататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды. Медиацияны кәсіби және кәсіби емес медиаторлар жүргізеді. Ойыл ауданы бойынша әр ауылдық округте кәсіби емес медиаторлар өз қызметтерін жүргізуде. Аталған кәсіби емес медиаторлар туралы мәліметті аудандық сотында және әр ауылдық округ әкімдігіне барып білуге болады.

Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеу тәртібі дегеніміз кез-келген ұжымда орын алған еңбек құқығына байланысты даулар туындаған жағдайда бірден сотқа жүгінбей, сол ұжымдағы келісім комиссиясына жүгіну арқылы аталған дауларды шешу, яғни аталған тәртіп шалғайда тұратын халық үшін уақытын және қаржысын үнемдеуге септігін тигізері анық.

Билер кеңесі, яғни аудан бойынша абыройлы, сөзі өтетін, ақылын айтатын ақсақалдардан құралған билер кеңесі өз қызметтерін жүргізіп жатыр. Соңғы кездері көп орын алатын некеден ажырасу мәселесі бойынша аталған ақсақалдар отбасының шырқы бұзылмауына және отбасын сақтап қалуға біршама жұмыстар атқарып жатыр. Аталған ақсақалдар басқада даулы мәселелер бойынша өз өмірлік тәжірейбелері және білімдері бойынша бітімгершілік жұмыстарының жалғасуына өз септіктерін тигізуде.

Қоғамда азаматтардың болмашы нәрсені сылтау етіп бір-бірімен араздасуы, дауласуы, оны өзара шешуге ешбір ниет етпей бірден сотқа жүгінуі кездесіп жатады. «Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар» деген сөз бекер айтылмаған. Кез-келген ұсақ түйекті сылтау етіп, ренжісіп, қабақ шытысқан адамдардың, ара қатынасында алдағы уақытта салқындық болары анық. Осы аталған ұсақ түйекке ренжісіп сотқа келген тараптар бір-бірінен кінә іздеп ренжісіп жатады. Бұл әрекет - адамдардың арасын алшақтата түсетін жайт екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан аталған мәселелер туындаған жағдайда жоғарыда аталған бітімгершілік мақсатты көздейтін тұлғаларға жолықса, арамыздағы алуыздық, келіспеушілік жойылар еді.

**С.ТАНИМОВА,**
**Ойыл аудандық**
**сотының төрағасы.**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНІҢ 608-БАБЫНА 27.12.2019 ЖЫЛЫ ҚР № 292-VI ЗАҢЫМЕН ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР. ЖҮРГІЗУШІНІҢ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН АЛКОГОЛЬДІК, ЕСІРТКІЛІК ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) УЫТҚҰМАРЛЫҚ МАСАҢ КҮЙДЕ БАСҚАРУЫ, СОЛ СИЯҚТЫ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН АЛКОГОЛЬДІК, ЕСІРТКІЛІК ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) УЫТҚҰМАРЛЫҚ МАСАҢ КҮЙДЕГІ АДАМНЫҢ БАСҚАРУЫНА БЕРУ

1. Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру – он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды не өзге мүлікті бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

3-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және сегіз жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

3-2. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және тоғыз жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

6. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

8. Осы баптың алтыншы және жетінші бөліктерінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**А.КӨКЕБАЕВ,**
**Ойыл ауданы ЖПҚБ бастығы, полиция майоры.**

## ҚР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ КӨКШЕТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ...

Ерлік төзімділік, қысылтаяң жағдайда бірден-бір дұрыс шешім қабылдауға қабілетті болу. Бұл сапалар нағыз ерлерді өзгелерден ерекшелеп көрсетеді. Оған өрт сөндіруші және құтқарушының шеберлігін қосыңыз...

ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің ведомстволық оқу орны - Көкшетау техникалық институты (КТИ) төтенше жағдайлар органдары мен бөлімшелерінде қызмет ету үшін ержүрек кәсіп офицерлері мен жоғары білімді білікті мамандарды дайындайды.

Көкшетау техникалық институты кәсіби оқытушылар құрамына, қазіргі заманға сай материалды-техникалық базаға ие. Жыл сайын КТИ-на оқуға 300-ден аса талапкерді қабылдау жүзеге асырылып, бітіріп шыққан түлектер ҚР ІІМ ТЖК органдары мен құрамаларына қызметке келеді.

Институтқа күндізгі оқу түріне 25 жастан аспаған, жалпы орта, бастапқы кәсіби (техникалық және кәсіби), орта кәсіби (ортадан кейінгі), әскери қызметке және оқуға денсаулығы бойынша жарамды, кіріспе емтихандарын нәтижелі тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Тестілеу пәндері: физика (негізгі пән), математика, қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

Институтта оқу тегін. Дәлірек айтсақ, оқыту, тамақтану, курсанттардың киім-кешектері бюджеттен төленеді. Бұл мемлекеттік тапсырыс. Күндізгі оқытудың толық курсын бітіргендер үшін оқу уақыты (4 жыл) мерзімді әскери қызметке теңестіріледі КТИ бітірген түлекке арнаулы азаматтық қорғау лейтенанты офицер атағы беріледі. Сонымен қатар, институтты бітіргеннен кейін жас мамандарға жұмысқа орналасу кепілдік беріледі. Басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда артықшылығы да осында.

Жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтағаннан кейін 100 % жұмысқа орналасу кепілденеді.

Талапкерлерді қабылдау 2020 жылдың мамыр айының соңына дейін өткізіледі.

Қосымша ақпаратты Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Жолмырзаев көшесі №9 ғимаратта орналасқан Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөліміне немесе №18 ӨС бекетіне 2-17-41 байланыс телефондарына хабарласу арқылы алуларыңызға болады.

## КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІНДЕ ҚР 2012 ЖЫЛҒЫ 16 АҚПАНЫНДАҒЫ №561 «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА,ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 12 АҚПАНЫНДАҒЫ №266 ЖАРЛЫҒЫНА,АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 20 АҚПАНЫНДАҒЫ №28 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС, АЗАМАТТАРДЫ КӨКТЕМГІ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ.ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА НЕМЕСЕ ОДАН БОСАТЫЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ 18 ЖАСТАН 27 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЕР АЗАМАТТАР, СОНДАЙ-АҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫННАН ШЫҒАРЫЛҒАН, 27 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЖӘНЕ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕРІН ӨТКЕРМЕГЕН ЕР АЗАМАТТАР МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРЫЛУҒА ЖАТАДЫ.**

Білімі, мамандығы, өндірістік біліктілігі, отбасы жағдайы, дене және әскери дайындығы,денсаулық жағдайы, моральдық қасиетіне сәйкес азаматтар бірінші кезекте әскерге шақырылады және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлермен әскери құрылымдардың тиісті түрлері мен тектеріне тағайындалады. Әскери борышын өтеуден жалтарған азаматтар Заң жүзінде жауапкершілікке тартылады. Атап айтқанда, Заң бұзушыларға ақшалай айыппұл салумен қатар, әскерге шақырудан жүйелі түрде бас тартқан азаматтарды қамауға алу жазасы қарастырылған. Әскерден жалтарылғандарға ҚР ӘҚБК 648 бабына сәйкес 3 айлық есептік көрсеткіш және ҚР ҚК 387 бабына сәйкес, 1 мың айлық есептік көрсеткіш яғни, 2 милион 651 мың теңге айыппұл немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жауапкершіліктері қарастырылған.

Соңғы жылдары әскери қызмет беделінің елеулі өскенін атап айтқан жөн. Әскерде қызмет өткергенінің болуы әлеуметтік күштер мен мемлекеттік қызметке жұмысқа рұқсатнама болып табылады. Сондықтан қызмет өткеруге ниет білдірушілердің саны анағұрлым көбейді. Сонымен қатар әскери борышын өтеген ер азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Кәсіби әскери қызметші мансабын таңдағысы келген 19 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтар Ақтөбе қаласында орналасқан 30238 әскери бөліміне және Әуе Қарулы Күштерінің әскери институтына жолдануда.

**Әскери қызметтің басылымдықтары:**

1. Лайықты айлық ақылы кепілдендірілген және уақытылы төленуі.

2. Мемлекет есебінен тұрғын қамтамасыз ету.(тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалдауға жан басына 24 мың теңге, мысалы 4 адамға 100 мың теңге еңбек ақысынан бөлек)

3. Әскери қызметші мен олардың отбасы мүшелерін медициналық көмекпен медициналық мекемелерде (госпиталь) мемлекеттің есебінен қамтамасыз ету және балаларын мектепке дейінгі мекемелерге кезектен тыс қабылдау.

4. Жыл сайын негізгі демалыста 3 айлық еңбек ақы көлемінде ақы төлеу.

5. Еңбек ақыдан бөлек материалдық көмектер көрсетіледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметке тілек білдергендерге қойылатын талаптар: әскери борышын өтеген, соттылығы жоқ, денсаулығы жарақты, дене дайындығы жақсы азамматтар қабылданады. Егер де әскер қатарында болмаған жасы 24 пен 27 жас аралығындағы азаматтарымыз болса, әскери техникалық мамандықтар бойынша даярлауды өтеулі негізде 263 мың теңге төлеп ҚР ҚМ мамандырылған ұйымдарында оқытуға да болады. Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін әскери билетін алып «атқыш» мамандығына ие бола алады. Әскери билет арқылы орган қызметтеріне яғни барлық жұмыс орындарға жұысқа орналасуға жарамды болып табылады. Оқу орны Ақтөбе қаласында орналасқан. Оқу мерзімі 40 күн. Жататын орны, үш мезгіл тамағы, жуынатын орындар, әскери киім кешектері қарастырылған.

Келісім-шарт арқылы қызмет етуге және әскери техникалық мамандықтарға оқуға тілек білдірушілер бол-са, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп хабарласуға және 2-14-00 телефоны арқылы анықтама алуға болады.

Қазақтың қаһарманы ұлы Бауыржан Момышұлы «Өз елін мақтаныш етпеу - сатқындықпен тең» - деген. Қастерлі отанымызға қалтқысыз қызмет ету және оны қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Осынау президенттік парызымызды біз, адал атқаруға тиістіміз. Сонда ғана біз арманымызға жетіп, Мәңгілік ел бола аламыз.

**Ж.БИШӨКЕНОВА,**
**Ойыл ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі Инспекторы(әскери қызметке әскерге шақыру жөніндегі) Қызметкері.**

## СОТҚА ДЕЙІНГІ ПРОБАЦИЯ

Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңында пробацияның жаңа түрі — үй қамауында отыратын тұлғалардан басқа күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты қолданылатын сотқа дейінгі пробация түрі енгізілді. Аталған пробация түрі қылмыстық тергеу жүргізіліп жатқан тұлғаларға қолданылады. Сотқа дейінгі пробация есебінде күдіктілер, айыпталушылар, қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар тұрады. Қылмыстық ізге түсу органымен күдіктілер, айыпталушылар ретінде танылып, қаулы шығарылғандар пробация қызметіне оларға қатысты сотқа дейінгі пробацияны қолдануға және сотқа дейінгі баяндама жасауға жүгінеді.

Сотқа дейінгі пробация күдіктілер, айыпталушыларға ерікті түрде қолданылады:

1. кәмелетке толмағандар;
2. мүгедектер;
3. әйелдер, 58 жастағы және одан жоғары жастағылар, жүкті, 3 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер;
4. ер адамдар, 63 жастағы және одан жоғары жастағылар, 3 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларды жалғыз өзі асырайтын аналар.

Сотқа дейінгі пробация жоғарыда аталған тұлғалар пробация қызметіне жүгінген сәттен бастап жазбаша түрде арыз-өтінішін пробация қызметі қабылданғаннан бастап жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны тоқтатады.

Ақтөбе облысы бойынша Ойыл аудандық пробация қызметінің сотқа дейінгі пробация есебінде 2020 жылы 4 күдіктілер: 4 — кәмелетке толмағандар, есептен өтті.

Сотқа дейінгі пробацияға жататын күдіктілер аудандық пробация қызметіне жазбаша түрде арыз-өтінішімен жүгінген сәттен бастап аудандық пробация қызметі медициналық тексерістен өткізіп, психологиялық кеңес ретінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі.

**Асхат САЛИК,**
**Ақтөбе облысы бойынша Ойыл аудандық пробация қызметінің инспекторы, әділет лейтенанты.**

## ДЕЗИНСЕКЦИЯЛЫҚ ЗАТТАРДАН УЛАНУДАН САҚТАНУ

Дезинсекциялау және дератизациялау қызметтерін көрсету қызметі қазіргі уақытта лицензиялауға жатпайды, көрсетілген салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын нақты біліктілік талаптары жоқ, қызметтің қауіпсіздік талаптары мен стандарттарына сәйкес келмейтін қауіп-қатерінің артуы белгіленді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аумағында сауда желісінде, оның ішінде қалалардың, елді мекендердің базарларында халыққа дезинсекциялау (инсектицидтер, акарицидтер, инсектоакарицидтер) және дератизациялау құралдарының еркін сатылады.

Дезинсекциялау және дератизациялау құралдарының еркін бақылаусыз өткізілуі және оларға қолжетімділік тұрғын үй-жайларда тұрмыстық жәндіктерге өз бетінше өңдеу жүргізгеннен кейін уытпен уланудан болған өлім жағдайларының Ақтау қаласында 3жағдайдың, оның ішінде 2018 жылы 2 жағдай және 2019 жылы 1 жағдай, Алматы қаласында 219 жылы 2 жағдайдың тіркелуіне алып келді.

2020 жылдың ақпан айында Маңғыстау облысында (Ақтау қаласында 8-жағдай) және Шымкент қаласында (3 жағдай, оның ішінде 1 өлім жағдайы) дезинсекциялау, дератизациялау қызметінде қолданылатын құралдарды пайдалану кезінде уытты затпен уланудың 11 жағдайы тіркелді, оның ішінде 1 жағдай өліммен аяқталған.

Халықта дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын дұрыс пайдаланудағы арнайы дағдыларының болмауы жағдайды қиындата түседі: шоғырлануы, экспозициясы сақталмайды, қорғау құралдары пайдаланылмайды, жағымсыз әсерлері мен уланудың алдын алу шаралары ескерілмейді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің орынбасарының № 6-ПГВр 20.02.2020 ж. қаулысы бойынша жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға 1, 2, 3-ші қауіптілік класына жататын, халыққа дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын өткізуге тыйым салынды.

**Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы**

## КОРОНАВИРУСТАН САҚТАНЫҢЫЗ !

Қытай Халық Республикасында коронавирустық инфекцияның жаңа типінің өршуінің жариялануына байланысты және инфекцияның әкелінуі мен таралуының алдын алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мақсатында Сізден өз денсаулығыңызды сақтау мақсатында мынадай профилактика шараларын сақтауды сұраймыз:

- дене қызуын күніне кемінде 2 рет өлшеу;
- үй-жайды күніне кемінде 2 рет желдету;
- күн сайын ылғалды жинауды жүргізу;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- жеке ыдысты, жеке гигиена құралдарын (сүлгі, сабын, тіс пастасы, қырыну құралдары және т.б.) пайдалану;
- аурудың белгілері (дене қызуының жоғарылауы, мұрынның бітелуі, жөтел және басқалар) пайда болған кезде жедел жәрдем шақыру;
- жөтелу әдебін сақтау (қашықтықты сақтаңыз, жөтелгенде және түшкіргенде ауызды бір рет қолданылатын сүлгілермен немесе киіммен жабыңыз және қолды жуыңыз).

*Оқшауланған адам үйдегі карантин жагдайларында:*

- жақсы желдетілетін жеке бөлме бөлінуі;
- оған басқа адамдардың келуін болдырмау;
- оның халықтың көп жиналатын орындарына баруын болдырмау;
- қоғамдық көлікті пайдаланбауы **қажет.**

*Тұргындарга арналган профилактика шаралары*

1. Дене қызуын күніне кемінде 2 рет өлшеу;
2. Профилактика шараларын сақтау:
- үй-жайды күніне кемінде 2 рет желдету;
- күн сайын ылғалды жинауды жүргізу;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- жеке ыдысты, жеке гигиена құралдарын (сүлгі, сабын, тіс пастасы, қырыну құралдары және т.б.) пайдалану;
3. Дене қызуы бар адамдар қоғамдық орындарға бармауы және медициналық көмекке уақтылы жүгінуі керек;
4. 1406 телефоны арқылы күдікті жағдайлар және қол жеткізілмеген медициналық көмек туралы хабарлау.

**Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы**

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алуы мемлекет үшін зияны көп. Себебі аталған фактілердің орын алуы мемлекеттің одан әрі дамуына, алға қарай қадам басуына өз кедергісін тигізері анық. Осы аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев алғашқы жолдауында айтып, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуді тапсырып, аталған фактілер бойынша тағайындалатын жазаны қатаң етуді тапсырды.

Аталған мәселемен күресті күшейту Ойыл аудандық сотының күн тәртібінен түспей, сот мамандары арасында және мемлекеттік мекемлер арасында түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізілуде. Сонымен қатар барлық сот мәжілістері үн-бейне жазба құрылығыларымен жүргізіледі. Аудандық сотта судьялар мен сот қызметкерлерінің тараптармен процестен тыс қарым-қатынасына жол бермеу үшін сот ғимаратында жүріп-тұру ережесі жасақталған. Жемқорлыққа қатысты мәселе туындаған жағдайда азаматтардың шағымдану мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Осы аталған шаралардың өзіде сыбайлас жемқорлықтың азаюына әкеп соқтырары анық. Яғни ашықтық бар жерде сыбайлас жемқорлық фактілеріне орын болмайды деп есептеймін.

Сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген жағдайда тағайындалатын жаза яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алған кезде мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Аталған кеселмен баршамыз күресуге ат салысып, сыбайлас жемқорлықпен күресті бүгінгі күн талабы деп ұғынсақ, бір нәтижеге жетеріміз анық.

**Ж.МАЙЖАНОВ,**
**Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.**

## САРЫП

Адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратын зақымдайтын, адамдарда ұзаққа созылатын жұқпалы ауру. Адамдарда сарып ауруы инкубациялық кезеңнен (жасырын мерзімі) 2-3 аптадан кейін жалпы ауырсыну, дене қызуының 39-40 градусқа көтерілуінен басталады. Ары қарай бас ауруы, тершеңдік пен ұйқысыздыққа ұласады. Буындары, бұлшық еттері ауырсынады. Аурушаңдық 3 айға созылады,1-2 жылға дейін де ұласуы мүмкін. Ауырған кезде уақытылы дәрігерге қаралмағанда, толық емін алмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп, мүгедектікке және бедеулікке дейін асқынып кетеді.

*Жұғу жолдары*

Инфекция көзі - сарыппен ауыратын ауылшаруашылық малдары. Ауру адамға ауру малдардан ғана жұғады.

*Тагам арқылы:*

- Тамаққа шикі сүт және сүт өнімдерін, ет және ет өнімдерін пайдаланғанда.

*Қарым-қатынас :*

- Ауру малды күтіп бағу кезінде және терінің сыдырылған жарақатына ауру малдың бөлінділері түскенде.

*Аэрогенді жолмен:*

- Ауру малдың жүнін қырыққанда,мал тұратын қораны тазарту барысында тыныс алу арқылы немесе көздің шырышты қабатына түскенде.

*- Негізгі сақтану және алдын алу жолдары:*

- Міндетті түрде малды жыл сайын сарып ауруына тексерту. Ауру анықталған кезде ауру малды дереу оқшаулап, тез арада жою, мал ұсталған жерге залалсыздандыру шараларын (дезинфекция) жүргізу.
- ішуге сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатылған түрде пайдаланау керек. Себебі ауру қоздырғышы (бруцелла) 100°С температурада қайнатылғанда 5 минут ішінде жойылады.
- сүт, ет, тағы да басқа сүт өнімдерді белгісіз адамдардан сатып алуға болмайды.
- Мал жайлауға арнайы киім кию, мал жайлау уақытында темекі шекпеу, мал жайлағаннан кейін қолды сабындап жуу қажет.
- Ауру малды күтіп баптауға 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер жіберілмеу.

**Ойыл аудандық Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 25 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңына бірқатар өзгерістер енгізілді, атап айтқанда, бұрын құрылтай құжаттары үш данада ұсынылатын болса, өзгерістерден кейін құрылтай құжаттары екі данада ұсынылатын болды.

Сондай-ақ, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдарды (өкіл-діктерді) есептік тіркеу (қайта тіркеу), заңды тұлғалардың, филиалдардың (өкілдіктердің) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу және құжаттарды беру мерзімдері бабына елеулі өзгерістер енгізілді, бұрын саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін), сондай-ақ шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілсе, қазір бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілетін болды. Бұрын тіркеуші орган заңды тұлғаның өтініші бойынша жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын үш жұмыс күнінде берген болса, ол мерзім бір жұмыс күніне өзгерді.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына да өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларының мемлекеттік органдардың шешімі бойынша, оның ішінде елді мекендердің атауы, көше аттары, сондай-ақ ғимараттар мен өзге де құрылыстардың реттік нөмірі (мекенжайы) өзгерген кезде болған өзгерістерін мемлекеттік тіркеу мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Құқық иеленуші мәліметтерінің өзгеруін мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш жасамастан, құқық иеленушіні хабардар ете отырып, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы өтеусіз негізде жүзеге асырылатын болды.

Яғни мемлекеттік қызмет көрсету процесі біраз оңтайландырылған, соның ішінде қызмет көрсету мерзімдері қысқарған.

**Ойыл ауданаралық Әділет басқармасы**

## «Ойыл орман шаруашылығы» КММ бойынша мемлекеттік қызмет көрсету туралы

«Ойыл орман шаруашылығы» КММ бойынша жанама орман пайдалану кезінде (марал өсіру, аң өсіру; ара ұялары мен омарталар орналастыру; көкөніс өсіру, бақша өсіру, бақ өсіру және өзгеде ауылшаруашылығы дақылын өсіру; дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да азықтық өнімдер; шөп шабу мен мал жаю;) төмендегі стандарттар мен регламенттер қолданылады:

«Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін кызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №18-1/415 бұйрығымен бекітілген.

«Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 тамыздағы № 18-02/739 бұйрығымен бекітілген.

Жоғарыда көрсетілген жанама орман түрлерін пайдалану үшін стандарттар мен регламенттерге сәйкес орман билетін алу қажет. Өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (орман шаруашылығы кеңсесі) арқылы жүзеге асырылады.

**Т.СЕНҒАЛИЕВ,**
**«Ойыл орман шаруашылығы» директорының орынбасары.**

## СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНЫҢЫЗДАР!



Су тасқыны – бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін. Ойыл ауданында су тасқынына ықтимал 4 елді мекен Екпетал, Амангелді, Қаратал, Қарасу қауіпті аймаққа жатады. Осы аймақта тұратын халық саны 2648 адам.

Жоғарыдағы көрсетілгендей су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында 2019 жылдың 11 қарашада Ойыл аудан әкімінің №185 қаулысымен су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі штаб құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді.

Көктемгі су тасуға қалай дайындалу керек! Егер де Сіздің аумағыңыз су тасу қаупі бар аймақта болса, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз. Су басу аумағынан көшу кезінде алып шығатын арнайы чемодан немесе рюкзакқа құжаттарды, қажетті жылы киім, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмектерді алдын-ала дайындап қойыңыз. Көшірілудің басталуы және тәртібі туралы телетрансляциялық желі арқылы және кез келген байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Көшіруден бұрын, барлық азаматтар өз үйлерін қорғау бойынша жұмыстар жүргізу керек, атап айтқанда электрқуаты, су, газ құбырларын өшіру қажет. Су басу кезінде әрбір азамат өзін-өзі ұстап, көмек дер кезінде келетініне сеніп, құтқарушылардың талаптарын қатаң орындауы тиіс.

Ауданымыздың әрбір тұрғынына су тасқынынан түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау - кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

2020 жылдың су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі штабының телефон номерлері 2-17-41, 2-15-41.

**Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**



> Моласындай бақсының,
> Жалғыз қалдым тап шыным.
>
> (Абай)

# Абайдың жалғыздығы

I

«Ашулансам ызалана алмаймын, күлсем қуана алмаймын…»

Адам өстіп те өмір сүреді екен-ау тегі. Кейде ішқұса қарияны ойлап жанардың боталайтыны бар. Байқап бақсаңыз мұның бәрі шын жалғыздың шегіне жетіп шерленген жан дауысы екен ғой. Сол жалғыздың өз жарасын өзі жалап, ішкі әлемтапырық халін баян еткен туындының бірі «Масғұт» поэмасы дер едік. Бұл Абайдың өз автобиографиялық поэмасы десек асылық айтқандығымыз емес.

...Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.

Шығарманың бел ортасынан ауған шақта ұшырасатын осы бір жалғыз шумақ өлең, поэмадағы Масғұттың емес, керісінше кемеңгердің өз тарапынан айтылған монологы іспетті. Бұл шумақ, ақынның өмірден баз кешіп, маңайынан торығып, тауаны шағылған сәттегі көңіл айнасының бір кіреуке мезетін бейнелесе керек. Кейде өнер деген жарықтық та Қыдырдың батасынан дарып, бойға бітетін ерекше бір дүние ме деген де ойға қаласыз. Сол дәргейдің шылауына түскен Масғұтқа әлгі қасиетті Қыдыр қарияның өзі келіп;

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің
судай тасар,
Егер де қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас
сенен қашар», – *деп үш тармақты жолдың мұратын көрсетеді емес пе?! Бір қарасаңыз, бұл да Абайдың өз тағдыр тақтасындағы «жазуы» секілді. Рас, ақыл мен дәулет молынан пішіліп берілген Абайға бұл екеуі бек азап болып жолығып, керісінше өмірдегі шын барақатын үшінші жолдан жолықтырды емес пе. Сол таңдаған қызыл гүлі ұрғашының данышпаны Ділдә еді деген де пайым жасауымызға болады. Әрине, мұнымыз енді басқа бір тақырыпқа жүк болғандықтан, сөз солығын осы жерден баса тұруымызға тура келеді.* ***Поэмадағы «жынды су» империя идеологиясы болса, Масғұт – соған бас иіп бағынғысы келмеген нағыз қаракөктің өзі.*** *Жалпы нас саясаттың бар мақсаты – қарашаға ойландырмау ойынын жүргізіп, сол көп тобырды қойдай иіріп жусатып отыру.*

Осыған қарап отырып «жынды су» тобырдың еш айнымас қуат көзі десек те болатындай. Бір ойлап тұрсаңыз, нағыз иісалмастық пен еш нәрсеге бас қатырмау дегеніңіз де «ғажап» нәрсе ғой.

Осы бір «судан» ұртап ішіп Абай да өзінің шыбын жанын шабақтаған жалын дертті бір сәтке болсын ұмытқысы келеді.

Қайғылы, қартаң біздей шал,
Қарай берсең, қайда жоқ?
Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.

Тіршіліктің мәні есерлікте екендігін біле тұрса да Абай неге олай бола алмады. Осы жерде қалай деп пәтуа шығарсақ екен? Қан-сөлі мен о бастағы тақылеті есерлікке қарсы жаратылған соң адам баласы жазмышқа бағынбай не істесін енді.

Сонымен Абайдың бұл жалғыздығын, аласұрған ащы ахуалын төптіштеп кім түсіндіріп бере алады?

Қазақтың бүгінгі көбік сөзге малтыққан көрдемше сын өнері ме?

«Ой, кемеңгерім-ай, арысым-ай», міне, бұлттай жөңкіген мұндай желбуаз сөздерге данышпанның сом болмысы тұтас түрегеле қояр ма екен? Ең болмаса хакімнің танымдық болмысына үңіліп, ішкі сырын қалайша зерделеп үйренсек екен?!

Шығарманың көбіне өзін емес, оны жазған автордың қара басын шиедей қылатын қиястыққа Асқар Сүлейменов «Қазақтың полемикасының бытысқан-шытысқан терминологиясын алып тастасаң, түп негізінде адамның адамға деген жаулығы ғана жатады» деген сыңайдағы бір тәмсілі бар. Бұл енді сынау мен даттауға байланысты ішкі «мәдениетіміз» ғой.

Ал енді біреуді мақтап бір кеткендегі ез-түссіз кететініміз кәдімгі қызыл тілмен сомдалған бейнебір «порнография» дерсің. Рас, қарап отырыпақ құсқың келеді. Міне, осындай көзсіз мақтан мен бақас полемикадан ненің нарқы тұнық су тағанындай мөлдіреп таныла қойсын.

II

Сонымен жалғыздық феномені, оның негізгі мағынасы қандай? Әңгіме әлхамы да осы болайын деп отыр ғой. Осы жерде философия мен теология әдіснамасын алға салып, сәл шығандап сөз шығару да керек болып тұрғаны. Ендеше бұған дейінгі бар жиған-тергенімізді осы жердегі ой талқысына салсақ па дейміз. Әрине, әнтек басқан жері, кеткен кемшілігі болса қараша қауымнан қайыра үшбу кешірім сұраймыз.

Біздің ойымызша, Құдайдың танымдық болмысы бір (1) цифрында емес, керісінше жалғыздық феноменінде тұр.

Қайталап айтамыз, бір (1) мен жалғыздың парқы қашан да екі бөлек. Абайлап байқасаңыз, жалғыздық цифрдан гөрі болмысқа, нақтырақ айтсақ мазмұнға көбірек жақын. Бұл жердегі бір цифры Құдайдың сандық сипаты болса, жалғыздық оның негізгі мәні. Осыған қарап бұларды өзара ұқсамайтын екі бөлек философиялық категориялар деп бөлсек те болады.

Мейлі, бүгінгі қазақ топырағында қоғадай қаулаған деструктивті діни топтар, мың жерден Құдай бір *(таухид)* деп безек қаққанмен қазақтың негізгі темірқазық түсінігі сопылық ілімінде жатыр. Иррационализм кеңістігі сопылықтың негізгі тағаны, ал Жаратушы жалғыздығының мағынасы мен мазмұны оның басты сыры. Бұл жердегі сопылық таным цифрға емес, керісінше мазмұнға ынтық. Көбіне адамның рационалды *(суық ақылы)* зат пен мәтіннің тек сандық сипаттағы нақтылығына ғана жүгінсе, жүрек сол мәтіннің аутенттілігіне иланады. Бұл манифест Шәкәрім трактовкасында «Бас көзімен қарама, жүрегіңнің аш көзін» болып келсе, Абайда «Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды» болып күрделеніп кете береді. Егер жүрекке жүгінсек, мәселенің бәрі сенімде ғана. Сенсең ғана кез келген ғажайыптың ішкі құпиясына ендей аласың. Ал сенбейді екенсің, ештеңені де пайымдай алмайсың деп бірден кесіп айтуға болады. Әрине, жүректің өзіне ғана мәлім «көретін» әм «сезетін» мұндай хикметін затшылдық *(материализм)* әмәнда мойындамақ емес.

Әл-Фараби өзінің «Ғылымдардың шығуы» туралы трактатында субстанция мен акциденция ұғымы турасында айтады. «Субстанция – зат болса , акциденция – қасиет. Біз акциденцияларды тек сезім арқылы ғана танимыз» дейді данышпанның өзі ағынан жарылып. Әл-Фарабидің бұл жердегі қолданып отырған «сезім» ұғымы иррационализм екендігі шүбәсіз.

Мұны жазып отырғандағы бар ниетіміз, жалғыздықты тануға жасалған қадамның Жаратқанға жасалған қадам екендігін оқырман қауымға аз да болсын аңдатып өту ғана.

III

«Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» дейді бабатаным.

Адамның Аллаға деген махаббаты мен ынтықтығының мағынасы да осыдан шығады емес пе. Идеалға «еліктеу» мен «ұқсау» адамның негізгі мұраты. Дәлірек айтсақ, адамның Аллаға «ұқсау» дәргейі де осы ынтызарлықтан туындайды. Бірден айтайын, бұл жол біздің төл түсінігіміз бен негізгі жүлгеміз. Әрісі Халлаж Мансұр, берісі Мәшһүр-Жүсіптерге дейін жалғасқан Алланы тану жолының негізгі тағаны осы болатын.

Мұның басты мәні не десеңіз, адам Жаратқанның Сабырын тану арқылы «сабырлы», Ілімін тану арқылы «білімді», Рахымын тану арқылы «рахымды», Мейірімін тану арқылы «мейірімді» болмақ. Мінеки, адамның Аллаға «ұқсау» ұғымының негізгі мұраты да осыдан шығады. **Тарихтан белгілі, Иассауидің рухани ұстазы Халлаж Мансұрдың рухани хәл биігінде әнә-л-Хақ *(Мен Хақпын)* деп айтқандығы естеріңізде** Жиль Делездің: «Теологияны антропологияға ауыстырғанда ғана адам туралы асықпай, аптықпай отырып сөйлесуге болады» пайымының айтпағы да дәл осы ғой. **Әрине, жоғарыда сөз еткен Халлаждың жетілген «МЕНІН» тобырлық таным өз бойларына тоғытып еш қабылдай алған жоқ, керісінше оны қанға бөктіріп дегендеріне жетті. Сөйтіп қашанда жоғары тұруға тиіс «МЕН» *(эго)* шариғат пен қағидат табанында қалды.**

Мұны баса салмақ салып айтып отырғанымыз, адамның «МЕНІ» анықталмай ешқашан да Алланың мәні шықпайды.

Мінеки, осы танымның орнықпау кесірінен мешіт пен шіркеудің формальді, ащырақ айтқанда «қуыршақ» құдайлары пайда болды. Әрине одан бері қаншама жылдар сусып, дәуірлер ауысса да қожамоллалардың осы бір төбедегі түсінікті бүгін де бөлендей хош көре қоюы екіталай. **Неге дейсіз ғой? Біріншіден, бұл танымды төрге оздырар болса, онда олардың дені жеп отырған нанынан айырылады. Дұрысы, тобырдың ақылсыздығынан күн көріп отырған үлкен «бизнесі» толығымен құлап тынады. Екіншіден, оларға ақиқаттан гөрі мешіт пен шіркеуді садақа жәшігі ретінде сақтап отыру әлдеқайда тиімді.**

Бұл арада мына бір екі айырық пікірдің арасын ашалап алғанымыз дұрыс. Бірден айта кетейік, біз айтып отырған «құдайға айналу» *(абзалы құдайшылық)* ұғымының перғауындық я сталиндік құдайлық менге еш қатысы жоқ.

Біз көп дүниені бер жағынан ғана қайырып, келте пайымдап жатамыз ғой. Айталық, о бастағы пайғамбарлық идеяның төл мәнін де көбіне дін төңірегінен іздеп түсіндіргіміз келеді. Негізінде пайғамбарларды жетілген жан *(толық адам)* мен демократтар десек те болады *(Есіңізге Мұса мен перғауынның екеуара ұзақ текетіресін түсіріңіз).* Абзалы пайғамбарлық мазмұн, азаматтық әм зайырлы қоғам идеясының ілкі бастауы болса, керісінше, перғауындық пиғыл соған кедергі жасаушы, бүгінгі тілмен айтар болсақ автократ ұғымының архаикалық баламасы ғой.

Өкіништісі сол, осындай озбыр пиғылды көп көргендігімізден және көп бейімделгенімізден шығар, бізге ШЫН ҚҰДАЙДЫҢ образы көбіне перғауындар бейнесінің негізінде қалыптасқан. Себебі ұзақ әрі үреймен басқарылған билік табиғаты, көбіне «ұлы Жаратушының» бір сипатына ұласып кетіп отырады. Бұған мысал әрине, шаш-етектен ғой. Осыған қарап отырып-ақ әрісі перғауындардан берісі сұм патшалардан көз ашпаған жәмиғаттың осы бір жандардың басқару пәлсапасын ШЫН ЖАРАТУШЫ мазмұнына еш негізсіз теліп алғандығын байқайсыз.

«Патша құдайдың жердегі көлеңкесі» деген секілді қолдан жасалған құбыжық өтіріктер бар болғаны автократтардың арман-мұраттары ғана. Бір-ақ мысал. Эдуард Уайд Сайд өзінің «Ориентализм» кітабында мынадай бір тосын деректі келтіреді. «…Мысырды толықтай бағындыру үшін әскерінің тым аз екендігін түсінген Наполеон жергілікті муфтилер мен имамдарға аса мол тарту-таралғы үлестіру арқылы Құранды өз мүддесіне қарай түсіндіруді бұйырды. Өз кезегінде бұл әрекет ерекше нәтижесін берді» дейді.

Көрдіңіз бе, қолдан құдай жасау технологиясының қандай оп-оңай-ақ екендігін. «Бұйрығын орындамасаң болды быт-шытыңды шығаратын, ал керісінше құлдық ұрсаң болғаны барынша жарылқайды» дейтін кәдімгі пендеуи *(саудагер)* түсінігіміздің тағаны қайда жатқандығын енді өзіңіз бағамдай беріңіз.

Шындап келсек, мұның бәрі әлгі Шәкәрім данышпан айтатын ШЫН ҚҰДАЙҒА ешқандай қатысы жоқ (*Ол құдай енді мүлде бөлек қой).* **Осыданақ бізге көбіне құлдық ұғымының болар. Ал, Мағжанның «Өзім – Тәңір табынамын өзіме, Сөзім – құран, бағынамын сөзіме» деп айтуының сырын да осы өлшем өресінен іздеген дұрыс. Өкінішке қарай, кешегі қызыл жүйе адам рухындағы осыбір «МЕН» ұғымын толығымен тұншықтырып, болмысты «біз» деген ұжымдық *(дұрысы тобырлық)* өлшемге өткізіп жіберді. Сөйтіп, «МЕН» ұғымы саналы түрде екінші орынға жылыстады.** Әйгіліфранцуз ойшылы **қайдан келгендігін, ол бар болғаны жердегі жебір патшалардың жанымызға еккен үрейі мен қорқынышы екендігін түсіну аса қиын емес тәрізді.**

Сонымен ШЫН ҚҰДАЙДЫҢ мазмұны не болды десеңіз ол – СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН МАХАББАТ дейміз. Рас, үрей мен қорқыныш тұрған кеуде де нендей мейірімді құдай орнына қойсын...

IV

Жаратқанның шын құпиясы – оның жалғыздығы. Жалғыздықты түсіну арқылы адамзат баласы оның танымдық болмысына тереңдеп ендей алады. **Бірақ біздің ең қорқатын, ең қашатын дүниеміз де осы ғой. Жалғыздықтың жауы не десеңіз ол коллективтік *(ұжымдық)* сана дер едік.** Оның мия тамырындай бытысқан, тек өзіне ғана тән ойын шарттары бар. Әрине, ойын қыза түсу үшін фанаттар қарасы көп болуы керек қой. Алыс-беріс, көлгірсу, көңілтабу секілді толып жатқан саудагерлік есептен тұратын бұл ойын ережесінен екінің бірі кіндік үзіп кете алмайды. Бейнебір ұшы-қиыры жоқ қарақұрдым дерсіз.

Жалғыздық – айтқанға ғана тым оңай-ақ нәрсе.

Ал оның коллективтік қағидаларға мүлде томпақ келетін моралдық өртіне жаныңыз сірі болса шыныменақ шыдап көріңіз. Әгәрәки, бұл «екінің бірі, егіздің сыңары» өте алатындай соншалықты бір жеңіл өлшем болса, онда кім арзан атақтарға күйлеп, кім тобырды өз кәдесіне жарату үшін өтірік «қайраткер» болады.

Онда мына бір дөңгелек дүние тұзы кем су татыған тағамдай болар еді.

Әрине, ертеңгі шындықтар мен ақиқаттар турасында ештеңе айта алмаймын. Бірақ, бүгінгі қылмыстар ар мен ұяттың, Абай мен Алаштың атын жабылу арқылы жасалып жатқандығын ашық айтқым келеді.

Қайыра айтуға мәжбүрміз, тобырдың басты жауы жалғыздық пен индвидуализм идеясы. Себебі олар автономды ой ойлаудан өлердей қорқады. Олар қаумана көзіндегі шелді сылып тастауға емес, керісінше оны одан әрмен үстей түсуге барынша әрекет жасайды. Сондықтан шығар көбіне топталып алып шибөрі пәлсапасымен өмір сүреді. Қолдарынан келетін бар «өнерлерінің» сиқы болса мынау. Шаты айырылып кеткенше шенге жүгіру… Қай жерде жылыжұмсақ болса, сол жерден табыла қалу… Торқалы той өткізіп өзін мақтату... Бас оздырған жалғызды көре қалса қасақана елемеуге, дараланып бара жатса, қайыра бас көтере алмастай етіп турап тастауға тырысады. Байқайсыз ба, жағымпаздықпен жан бағатындар көбіне қолынан өнер келмейтін қортықтар мен тек бейшаралар ғана екендігін.

Рас, жалғыздың бағамдайтын шындығы бөтен. Адамзаттың небір ғажайыптары мен жауһар туындыларын осы жалғыздар жасады ғой. Шыбын жаны құрайдай уілдеген Махамбет «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде жер қайысқан қол едік» десе, Абай «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ» деп өздерін алдарқатып сөйледі. Шындап келгенде бұлар жападан жалғыз-тұғын. Жалғыздық кермегіне шыңдалып рухани жетілім жолына түскен осы жандар келе-келе кемелденіп, жасампаз сана өкіліне айналып кетті. Сөйтіп өздері сүйген идеалды ұлы Жаратушы секілді ғажайып туындылар «жасаушы» сыпатқа көтерілді.

Ендеше, адамның жалғыздықтан қашуын Жаратқаннан қашуы деп те пайым жасауға болады. Әрине, Абайдың «жынды суы» жалғыздыққа қарсы коллективтік сананың лаңы ғой. Абайдың соры да сол суды қотарып ішпегендігінде болып отыр ғой.

Біздің «жалғыздығымыз» турасында бірдеңе болжау қиын, бірақ Абайдың жалғыздығында Алланың мазмұны бар.

Абайдың жалғыздығында тұтас адамзат өркениеті мен азат философия суаты бар. Алаш сол құлдықты құп көрмейтін азат философия қайнарынан түлеп ұшты десек асылық айтқандығымыз емес.

Міне, біздің де алдымызда қос бұрымдай өріліп екі сүрлеу жатыр. Біріншісі, кермегі көп, мехнаты мол сүрлеу болса екіншісі, дырду мен қызықтың қайнаған мекені.

Бейне бір бұл жолдарды өмірдің өз уақыт белдеуінде орналасқан фәнидің өз «жұмағы» мен «тозағы» дерсің...

**Ықылас ОЖАЙҰЛЫ.**
**adebiportal.kz**

# ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ҮЛГІСІНЕ АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

Өткен жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың ұлы ғұламасы, ағартушысы әрі ақыны Абай Құнанбаевтың 175-жылдық мерейтойына арналған «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялаған болатын.

Мақалада Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы *«Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз»,* - деген еді. Сондай-ақ, Абайды терең тануға баса мән беру керектігіне тоқталған. Расында ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Сондықтан барша ұстаздардың оқушылар мен студенттерге яғни өскелең ұрпаққа Абайдың сөз өнерінің қыр – сырымен таныстырып, көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге бағыттап, үйретулері маңызды. Абай-ойшыл дегенде біздің есімізге оның қара сөздері түседі. Қара сөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған. Жақсы мен жаман туралы баяндайды, халқын алға ұмтылуға шақырады. Абай Құнанбаев ақын ғана емес, оның философ, заңгер, аудармашы, сазгер, дара ойшыл, кемеңгер екендігін бүгінгі буын бүкпесіз білуі тиіс. Ол, жазба әдебиетінің негізін салушы, гуманист, қоғам қайраткері, әділ би, ағартушы-ұстаз болған. Демек, қысқаша толғасақ, Абай ұлттық болмыстың үлгісіне айналған тұлға. Осы орайда ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу мақсатында Ойыл аграрлық колледжі қабырғасында қараңғылық, надандық, кертартпалықпен күрескен, халық қамын ойлаған, жастарды білімге, еңбекке, өнерге шақырған Ақынның 175 жылдығына орай студенттер арасында байқаулар мен дөңгелек үстелдер, кітап көрмелері өткізіліп келеді. Кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темірқазығына айналған ұлы ақынның өлеңдерін колледж студенттері де жатқа айтып, облыстық, республикалық байқауларда топ жарып жүр.

**Әсемгүл ШІЛМӘНОВА,**
**Ойыл аграрлық колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.**

# БЖЗҚ-дағы Ашық есік күні

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тұрғындар арасында ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізу аясында үстіміздегі жылдың 18 наурызында Қазақстан бойынша өзінің барлық филиалдарында «Ашық есік күні» шарасын өткізеді.

Күн тәртібіндегі басты тақырып – «Алғашқы жарнаңызбен – БЖЗҚ-ға қош келдіңіз!» деп аталады.

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін жеке тұлғаға тиісті өтінішті рәсімдеу үшін БЖЗҚ кеңсесіне келудің қажеті жоқ. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ бойынша ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен сәтте зейнетақы шоты автоматты түрде ашылады. Бір жыл ішінде Қорда автоматты түрде 400 мыңдай жаңа зейнетақы шоты ашылды. Сәйкесінше сол шоттардың иелері «Ашық есік күні» шарасының ерекше қонақтары болмақ.

Филиал мамандары оларға Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Қор қызметі туралы әңгімелеп, зейнетақы калькуляторы арқылы болашақ зейнетақыны есептеу жолдарын үйретіп, зейнетақы шотынан ақпарат алудың заманауи тәсілдерін ұсынады.

Аталмыш шараны өткізудегі басты мақсат – салымшыларға толыққанды ақпарат беру және зейнетақы жүйесі мен Қор қызметтері бойынша сұрақтарға жан-жақты жауап беру.

*Біз сіздерді Ақтөбе қаласы Сәнқибай батыр д. 249 (Халық кенсе) мекенжайында орналасқан БЖЗҚ АҚ Ақтөбе филиалының кеңсесінде күтеміз.*

*Басталу уақыты: 10:00*

# День открытых дверей в ЕНПФ

В рамках информационно-разъяснительной работы среди населения Единый накопительный пенсионный фонд 18 марта в филиалах по всему Казахстану проводит «День открытых дверей».

Главной повесткой дня станет тема – «Первый взнос – Добро пожаловать в ЕНПФ». Как известно, с 8 января 2019 года в соответствии с внесёнными изменениями в Закон о пенсионном обеспечении Республики Казахстан, для открытия индивидуального пенсионного счета (ИПС) по учёту обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу не нужно обращаться в офисы обслуживания ЕНПФ. Отметим, что в автоматическом режиме было открыто около 400 тысяч счетов и многие из них в «День открытых дверей» впервые посетят филиалы АО «ЕНПФ». Владельцы этих счетов станут особыми гостями этого мероприятия. Им расскажут о том, как функционирует накопительная пенсионная система Казахстана, помогут рассчитать будущую пенсию, порекомендуют самый оперативный способ получения информации о состоянии индивидуального пенсионного счета.

Ко всему прочему, целью данного мероприятия является комплексное информирование вкладчиков и по иным вопросам, касающимся работы пенсионной системы.

*Мы ждём вас по адресу : г.Актобе, проспект Санкибай батыра 249 (Здание «Народная канцелярия»), на 1-м этаже. Время начала мероприятия: 10:00 часов.*

# ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ТАРТУ ТУРАЛЫ

2020 жылдың 14-16 ақпан аралығында Ақтөбе қаласында жұртшылықты тарту арқылы алғаш рет пилотты режимде рейдтік іс-шаралар жүргізу өткізілді, аталған шаралар апта сайын әрі қарай өз жалғасын табады.

2020 жылға құқық бұзушылықтардың алдын алуға жұртшылықты тарту бойынша өткен Ведомствоаралық комиссияда облыс әкімімен бекітілген хаттаманың шеңберінде, алдын алу жұмыстарының қалыптан тыс тәсілдері жүргізілуде. Полиция, прокуратура, мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері қатарынан ведомствоаралық топ құрылды. Ақтөбе қаласының қылмыстылық картасына сәйкес, Тургенев көшесі бойынша ХҚКО-нан бастап Абай даңғылына дейін және Есет батыр көшесі бойынша А.Молдағұлова даңғылынан Абай даңғылына дейінгі аудан (аймақ) таңдалды.

2019 жылы аталған аймақта 68 қылмыс орын алған, олардың ішінде айта кету керек, зорлау, бұзақылық, бопсалау, денсаулыққа зиян келтірген топтық төбелестер, бұл ретте, қылмыстардың негізгі бөлігі жеке тұлғаларды тонау болып келеді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу үшін, қоғамдық көмекшілер ретінде таңдалған күзету ауданына жақын орналасқан ұйым жұмыскерлері тартылды. Рейдтер полиция мен қоғамдық көмекшілердің өзара әрекеттесуі тәртібіне сәйкес, жасалған бағыт және регламент бойынша жауапты тұлғалармен жүргізілетін болады.

Бүгінгі күні рейдтік іс-шараларға шамамен ұйымдардың 150 жұмыскерлері тартылған, студенттер қатарынан сонша волонтерлер қатысады. Қоғамдық көмекшілерлың міндеттерінің қатарына аймақтағы қоғамдық орындарды, ойын-сауық ғимараттарын, саябақтарды, көп қабатты үйлердің аулаларын, адамдар көп шоғырланатын орындарды, ойын аймақтарын және т.б. аралау кіреді.

Қандай да бір құқық бұзушылық анықталған жағдайда, қоғамдық көмекшілер бұл жөнінде полицияға хабарлайды, сондай-ақ азаматтармен алдын алу және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара әрекеттесетін болады. Ерекшеленген қатысушылар ақшалай сый-сияпаттармен және мақтау қағаздарымен мадақталады.

Аталған шаралардың мақсаты - құқық бұзушылықтарды азайту, жұртшылықты құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге тарту болып табылады. Алдағы уақытта осыған ұқсас іс-шаралармен Ақтөбе қаласының және аудан орталықтарының басқа да аудандарын қамту жоспарлануда.

**Ойыл аудандық прокуратурасы**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1654 дана. Тапсырыс №303
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ҒАСЫРҒА ТАЯУ БАСПАСӨЗ – АҚИҚАТ ҮНІ



Бастау жолын өткен ғасырлардан алатын Ойыл аудандық «Ойыл» газетінің өткен жылдарының тым-тәуір қиындықтары да, қол жеткізген жетістіктері де бар баспасөз органы. Қиындықтары да бар деп отырғаным сонау 1930 жылдары, елде, жерде социализмнің жаңадан құрылымдалып келе жатқан кезінде жарыққа шығып, аудан оқырмандарына ұсынылды. Ол кезеңдерде халықтың көпшілігі шала сауатты болатын. Соған қарамастан газет халықты сауаттандырудың, аудан өмірін өркендетудің белгіленген жолдарын аша түсуге зор үлес қосты.

Аудандық «Ойыл» газетінің шыға бастауына биыл 90 жыл толады. Осы ұзақ жылдар ішінде «Кімдер келіп, кім кетпеген» дегендей, менің естуімше газеттің алғашқы редакторы атыраулық (Беріш руының азаматы) Құбаш Қожамұратов ағамыз болыпты. Кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық газетті басқарыпты. Көзіміз көрді, Құбаш аға өте сауатты, өз ісіне мығым, таза адам болатын. Әріптестерінен естуім бойынша ертеректе іссапарға шығып, ауылдарды салт атпен аралап жүрсе керек-ті. Түскен үйі ер-тоқым үстіне көрпе салып, төс тартпасын тартып берген ғой. Көлігімен аяңдап келе жатып, астына салған көрпеге қараса оның үстінде жорғалап бара жатқан битті көзі шалып қалады. Сол бойда аттан секіріп түсіп, жүгенінен жетектеп жүріп, ауылды аралай беріпті деген сөз бар. Бұл оның тазалығының шексіздігін көрсетсе керек-ті.

Әлі есімде 1951-52 оқу жылында Көптоғай орталау мектебінің алтыншы сыныбында оқимыз. Бір күні ботаника пәнінің мұғалимасы Зада Сисенова, - балалар, бүгінгі сабақ құс фермасына саяхат болады, - дегені. Бәрімізде қуана түрегелдік. Мектептен онша қашық емес жердегі құс фермасына келдік. Қамыспен қоршалған кең аула, тақтайдан жасалған жем салатын, су құятын астаулар. Аула іші толған тауық. Анадай жерде аузы ашық, екі-үш күркелерге тауықтардың бірі кіріп, бірі шығып жүр. Сол жерде біраз болып тауық ферма иесі мен апайымыздың түсіндірмелерін тыңдап қайтып оралдық.

Бұл қысқа әңгімені неге жазып отыр деп ойлап қалуларыңыз мүмкін. Міне осы әңгімеден үлкен ой туды, жаныма жақсы жол ашылды десем боларлықтай. Үйге келе салып, «Құс фермаға саяхат» деп тақырып қойып, болған жайды толық баяндап, астына аты-жөнімді жазып, сол кездегі «Сталин туы» деп аталатын аудандық газетке поштамен салып жібердім. Көп кешікпей бұл қысқа хабар газет бетінде сол қалпында жарық көрді. Әсіресе мені қуантқаны мақала астындағы аты-жөнімнің тасқа басып оюлағандай болып шыққаны төбемді көкке екі елідей көтеріп тастағаны.

Сол кезден, бала кезімнен мен баспасөзге тым жақын, әрі дос болдым. Ол кезде біз орталықтан газет-журнал алмаймыз. Ал, аудандық газет әр кез оқырмандар қолында жүретін.

Сол кезде аудандық «Сталин туы» газетінің редакторы – Самат Мұхамбеталин, редактордың орынбасары – Хайролла Қыдырбаев деген ағаларымыз қызмет атқарды. Екеуі де халықпен тіл табысудың шеберлері болатын. С.Мұхамбеталин жасы егде тартып қалса да редакцияға келгендерді жылы жүзбен қабылдайтын. Ал Хайролла ағай ешкімді жатсынбайтын. Бұйра толқынды қара шашын артына қайырып қоятын. Бойы ортадан жоғары, келбеті келіскен, ашық-ақжарқын сөйлейтін. Орта мектепте оқып жүргенде газет редакциясына жиі барып жүрдім. Сонда Қыдырбаев аға, ау жігіттер редакцияға біздің жас тілшіміз келді – деп, өздеріне тарта сөйлегінен көңіліміз тояттап қалатын. Бұл ағалар аудандық партия және Кеңес ұйымдарының органы болып табылатын газетте, беделді де белсенді ұзақ уақыт жұмыс істеді.

- Жыландай жылжып жыл өтті,

- Кім болам қайда, қай жерде, - деп атақты орыс ақыны Маяковский жырлағандай біздерде ер жеттік, үлкендер де зейнеткерлік жасқа тірелді.

Одақ басшылары о дүниеге кеткеннен кейін-ақ, бұрынғы екінші көсем атындағы газет «Еңбек туы» деген атты иеленді. Бұл 1953 жылдары болатын. Ауданның және оның баспасөзінің шаруасы таусылған ба.

Ойыл ауданының қатты дамыған өндірістік саласы болмаса да, ауыл шаруашылығы барынша өркендеген ел еді, әлі де солай. Міне осы жайлар газет бетінен еш түспеді. Газеттің атауы өзгергенімен аудан халқының көзі, құлағы һәм тілі бола білді. Ұзағынан болғай деп тілейік.

Аудандық газет өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Ойыл өзенінің бойында түйе мен өгіз күшімен айналдырып су шығаратын шығыр салып, тары дақылын өсіріп, қыруар қол күшін жұмсап, дүние жүзіне белгілі болған Ойылдың «қара шалы» Шығанақ Берсиев атамыздың мол өнім алудағы рекордтық еңбегін бүкілодақ халқына жеткізуде ғаламат насихат жұмысын жүргізді. Ол өшпес еңбекті осы кезге дейін кең дәріптей беруді күн тәртібінен түсірмей келеді.

Суармалы жерде ақ тары өсіріп, дала Академигі атанған Ш.Берсиевтің ерен еңбегі баспасөзде кең жарияланды, кітаптарға арқау болды. Неміс халқының ақындары поэмаларына кейіпкер етті. Оның жан қиярлық еңбегі, Отанына деген сүйіспеншілігі қанша ғасыр өтсе де, ұмытылмайтындығын аудандық, облыстық, республикалық тіпті одақтық «Правда» газеттерінде кең жарияланды.

Атақты тары өсіру шеберінің ізбасарлары көп болды. Олардың кейбіреулерін атап айтса болатындай.

Аудандық газетте абыройлы істері кеңінен насихатталған звеношылар: «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері – Қашқын Соқыров, Зәуре Баймолдина, Берсиевші звеношылар: Артықбай Масин, Таған Ұзақбаев, Орынбай Үркімбаев, Сүлеймен Қарабалин, Есқайыр Шалқарбаев, Жамал Омарова, Балмұқан Ақабаев, Тілеп Тілеуов, Бисенғали Әлішев, Ернияш Жолбатыров, Шырбай Кәрімов, Сабыр Қоғабаев, Сқақ Нұрабеков, Сисенбай Әжмұхамбетов т.б. болатын. Осы жандар атақты тары өсірушінің ісін жалғастырып, ұзақ жылдар бойы ауданды, облысты ақ тарымен қамтамасыз еткен-ді. Олардың аудандық газетінің беттерінде үзбестен жарияланып тұратын сүйкімді істерін жиі оқитынбыз.

Сонымен қатар ауданда мал шаруашылығы да қалыпты өркендеуде. Атақты жылқы өсірушілер «Ленин» орденінің иегері Сары Елеусінов, жылқыны өз төлі есебінен көбейтуде жыл сайын жоғары нәтижесі үшін «Еңбек Даңқы» орденін үш рет алып, иесі атанған – Аманғос Мұқанғалиев, атақты шопан Социалистік Еңбек ері – Бекіш Ғалымовтың ерен істері аудандық газетте кеңінен жазылып, жастарға үлгі етіп кеңінен көрсетілді.

Қазірде ауданда осындай болашағы зор игі істердің жалғастырушылары бар. Егін егіп, мал өсіріп отырған жастар баршылық. Оны біз қазіргі «Ойыл» газетінің шығарылымдарынан жиі оқимыз.

СОКП-ның шешімімен 1963 жылдың қысына қарай Ойыл ауданы оңтайландыру саясатына ұшырап, Қобда ауданына қосылды. Осы кезеңде аудандық баспасөзде тоқырауға ұшырады. Алласы жар болсын, көп кешікпей 1965 жылы Ойыл ауданы қайта құрылды. Аудан халқы қатты қуанып, бір жасап қалғандай болды. Ауданға бірінші хатшы болып тағайындалған Байсалбай Жолмырзаевтың таңдауымен «Ойыл» атанған аудандық газетінің редакторы болып - Нұрымжан Жұмағалиев тағайындалды. Бұрында да баспасөзде жұмыс атқарған, жас журналист газетті жоспарлы да, мазмұнды шығып тұрды. Аудан еңбекшілерінің сүйікті газетіне айналды. Газетке біраз білікті журналистер тартылды. Жазушы Табыл Құлияс, Жандай Тәукебаев, Қарылға Кереева, Аманғос Орынғалиев, Сәрсен Жұмағалиев, Құрал Тоқмырзин т.б. бірлесе қызмет атқарды.

Ғасырға жуық кезеңде аудан өмірінің болашағы мен келешегінің айнасы болған газеттің әр кезеңдерінде оны басқарушылар да болды. Нақты айтсам А.Сәтеров, А.Пангереев т.б. Соның ішінде Н.Жұмағалиев газетке ширек ғасырдай уақыт редактор болды.

Осы тұста айта кетейін, аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарып жүрген мені де Нұрымжан досымыз өз шекпеніне қарай тартып, газеттің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушілігінен бірақ шығарған-ды. Бұл 1968 жылдың жазы болатын. Міне, содан бері аудандық, облыстық баспасөздерде ширек ғасырдай әр түрлі бөлімде үзбестен қызмет атқарыппын.

Ойыл газетінің редколлегия мүшелеріне, оқырмандарына, оның 90 жылдығына орай, игі табыс, рухани жаңғыру, ата дәстүріне сай белсенділік тілеймін.

**Арыстан АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,**
**Қазақстанның**
**Құрметті журналисі,**
**Ақтөбе қаласы.**

## Менің сиқырлы әлемім!

Суретті түсірген Темірболат ШАУТЕНОВ



Суретті түсірген Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ



Суретті түсірген Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ



### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ КЕЗЕКТІ ЕСЕП КЕЗЕҢІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗҒА ДЕЙІН ӨТЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ ҚР аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне infonpo.gov.kz веб-порталында электрондық есептілік нысанын уақтылы толтыруды ұсынады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҮЕҰ дерекқорында тіркелу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді электрондық түрде infonpo.gov.kz веб-портал арқылы ұсыну үшін Халыққа қызмет көрсету орталығының жақын жердегі бөлімшесінде (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет.

Интернет арқылы тапсыруға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін мәліметтерді пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз және электрондық тасығыштарда (DOC, DOCX форма-тында CD-дискілерде немесе USB-флэш-жинақтағыш-тарда) тапсыру мүмкіндігі қалды.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекенжайға жіберу қажет: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.

ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

### УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ИНФОРМИРУЕТ ОБ ОЧЕРЕДНОМ ОТЧЕТНОМ ПЕРИОДЕ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ СВЕДЕНИЙ В БАЗУ ДАННЫХ НПО ДО 31 МАРТА 2020 ГОДА.

В связи с этим, неправительственным организациям в форме частного учреждения, общественного объединения (за исключением общественных объединений, созданных в виде политических партий, религиозных объединений и профессиональных союзов), некоммерческого акцио-нерного общества (за исключением некоммерческих акционерных обществ, учредителем или акционером которых является государство), общественного, кор-поративного и частного фондов, объединения юридических лиц в форме ассоциации (союза), а также филиалам и представительствам иностранных и международных некоммерческих организаций, осуществляющих деятель-ность на территории РК, рекомендуется своевременно заполнить электронную форму отчетности на веб-портале infonpo.gov.kz

Напоминаем, что в согласно действующего законодательства, регистрация в Базе данных НПО является обязательным условием для участия в конкурсе на реализацию социальных программ и (или) социальных проектов в рамках государственного социального заказа и государственных грантов, а также на получение премии для НПО.

Для предоставления сведений о деятельности НПО в электронном виде через веб-портал infonpo.gov.kz необходимо получить электронную цифровую подпись (ЭЦП) в ближайшем отделении Центра обслуживания населения (ЦОН). Сдача сведений через почту либо нарочно на бумажном и электронном носителях (CD-дисках либо USB-флэш-накопителях в формате DOC, DOCX) остается как альтернативный вариант для тех граждан, у кого нет возможности сдать сведения через интернет.

Сведения о деятельности НПО через почту либо нарочно необходимо направлять с сопроводительным письмом по адресу: 010000, г.Нур-Султан, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 15, Комитет по делам гражданского общества Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

За несвоевременное представление сведений в Базу данных НПО предусмотрена ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

*Құрметті Қаратал, Құмжарған және Қарасу ауылдарының тұрғындары!*

2020 жылдың 11 сәуірі күні сағат $15^{00}$ –де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Қаратал ауылы Сүлеймен Әулие көшесі №12 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

*Күн тәртібіндегі мәселе:*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Қаратал, Құмжарған және Қарасу ауылдарының көше атауларына өзгеріс енгізу туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

**«Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

*Құрметті Кемер, Аққемер ауылдарының тұрғындары!*

2020 жылдың 11 сәуірі күні сағат $15^{00}$ –де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Кемер ауылы Ботагөз батыр көшесі №2 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Саралжын ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

*Күн тәртібіндегі мәселе:*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Кемер және Аққемер ауылдарының көше атауларына өзгеріс енгізу туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

**«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

*Құрметті Көптоғай ауылының тұрғындары!*

2020 жылдың 11 сәуірі күні сағат $15^{00}$ –де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Көптоғай ауылы Достық көшесі №6 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Көптоғай ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

*Күн тәртібіндегі мәселе:*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Көптоғай ауылының көше атауларына өзгеріс енгізу туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

**«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ**